

# **ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ**

## **1. Сайтты пайдаланудың жалпы шарттары**

- 1.1. Сайттың иесі «Qazcontent» АҚ болып табылады.
- 1.2. Сайтқа қолжетімділігі бар кез келген тұлға сайт пайдаланушысы (бұдан әрі - Пайдаланушы) болып табылады.
- 1.3. Сайтты пайдалану осы Келісімнің төменде көрсетілген барлық шарттарын Пайдаланушиның қабылдайтынын және сақтауға міндеттелетінін білдіреді.
- 1.4. Осы Келісім кез келген уақытта, қандай да бір арнайы ескертусіз «Qazcontent» АҚ толық немесе ішінара өзгертилуі мүмкін. Келісімнің жаңа редакциясы сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.
- 1.5. Сайт материалдары мен сервистерін пайдалану  
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.
- 1.6. Осы Келісім жария оферта болып табылады. Сайт материалдары мен сервистеріне қол жеткізе отырып, Пайдаланушы осы Келісімге қосылған болып есептеледі. Қазақстан Республикасы **Азаматтық кодексінің 395-399 баптарына** сәйкес Пайдаланушиның осы Келісімнің талаптарымен өзінің толық және сөзсіз келісімін қабылдауы және растауы осы құжатта баяндалған талаптарда жария оферта шартын жасасумен тең.

## **2. Пайдалануши міндеттемелері**

- 2.1. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын немесе халықаралық құқық нормаларын бұзатын, соның ішінде зияткерлік меншік, авторлық және/немесе сабактас құқықтар саласында қарастырылатын, сондай-ақ ақпараттық жүйенің жұмысын бұзуға бағытталған қасақана іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін жазалауды көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 207-бабына сәйкес Сайт пен Сайт сервистерінің қалыпты жұмысын бұзуға әкелетін немесе әкеп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекеттер жасамауға келіседі.

- 2.2. Пайдаланушы сайтта авторлық немесе сабактас құқықтарды бұзу фактісіне күдіктенген жағдайда, Пайдаланушы бұл туралы «Qazcontent» АҚ-на жазбаша түрде электронды пошта арқылы қандай да бір материалдың тиістілігіне дәлелдеме бере отырып, хабарлауға міндетті.

- 2.3. Сайт материалдары мен сервистерін құқық иеленушінің келісімінсіз пайдалануға жол берілмейді.

- 2.4. Қорғалатын авторлық туындыларды қоса алғанда, Сайт материалдарынан дәйексөз алу кезінде сайтқа сілтеме жасау міндетті.

2.5. Пайдаланушиның сайттағы түсініктемелері мен өзге де жазбалары Қазақстан Республикасы заңнамасының және жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларының талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

### **3. Сайтта орналастырылған материалдарды пайдалану шарттары**

3.1. Материалдарды көшіруге, қайта басуға және одан әрі таратуға жазбаша келісімінсіз пайдалануға болатын жаңалықтар хабарламаларынан басқасын «Qazcontent» АҚ-ның жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі. Егер «Пайдалануға тыйым салынған» белгісі болса, жаңалықтар хабарларын пайдалануға тыйым салынады.

3.1.1. «Qazcontent» АҚ фото- және бейнематериаларын пайдалану, оның ішінде көшірме жасау, тарату немесе жариялау міндетті түрде Сайттың логотипімен және ақпараттың бастапқы көзі ретінде Сайтқа сілтемемен қоса берілуі тиіс (Сайттың фото - және бейнематериаларында логотипті кесуге және өшіруге тыйым салынады). 3.2. Сайтта орналастырылған жаңалықтар хабарын тарату тек басқа редакцияда (рерайт) жазылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте, таратылатын материалдың бірінші абзацында орналастырылатын бастапқы материалға гиперсілтеме және «Qazcontent» АҚ «хабарлайды» деген тұжырым міндетті болып табылады;

3.3. «Qazcontent» АҚ шетелдік әріптестерінен алған материалдарды, сондай-ақ «Пайдалануға тыйым салынған» белгісі бар материалдарды таратуға тыйым салынады.

3.4. «Qazcontent» АҚ-нан сайтта орналастырылған инфографика, фото, бейне және аудиоматериалдарды пайдалануға жазбаша рұқсат алған жағдайда осы материалдарды кез келген түрде редакциялауға тыйым салынады.

### **4. Басқа да шарттар**

4.1. Осы Келісімнен туындайтын немесе оған байланысты барлық ықтимал даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.

4.2. Пайдаланушылардың кез келгені Келісім ережелерін бұзған жағдайда «Qazcontent» АҚ тарапынан әрекетсіздік «Qazcontent» АҚ өз мүдделерін қорғау және заңнамаға сәйкес қорғалатын сайт материалдарына авторлық құқықтарды қорғау үшін кейіннен тиісті әрекеттер жасау құқығынан айырмайды. Пайдалануши осы Келісімнің барлық тармақтарымен танысқанын және оларды сөзсіз қабылдайтынын растайды.

Барлық құқықтар қорғалған.